





Шешендік сөздер.

- а) **білімділік**- Оқушылардың шешендік сөздің түрлері, ерекшеліктері туралы білімдерін қорытындылау; Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің ділмар шешендіктеріне байланысты әңгіме, аңыздарды талдата оқыту.
- ә) **дамытушылық** - Оқушылардың шешендер сөздеріндегі оралымды өткір ойды танып, талдай білу дағдыларын жетілдіре отырып, шығармашылық ізденіске бағыттау, мәнерлеп оқу шеберлігін, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.
- б) **тәрбиелік** – Ел тұтастығын сақтауға зор мағына берген билер келбетін үлгі тұту, істерін өнеге ету, халықтық мұра - шешендік сөздерді және халықтық салт - дәстүрімізді сақтап, шешендік өнерді қадірлеуге, ұлттық құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу.

**«Мен қазақ ақынының суырып салма өнерін,
асқақтата салған әнін тыңдап, ерекше әсерге бөлендім,
бұдан бірнеше күн бұрын екі ел егесінде шаршы топтың
алдында сөз сөйлеген шешендерді көрген едім, сонда мен
тумысында Демосфен, Цицерондарды естіп, білмеген
жандардың жезтаңдай ділмарлығына таң - тамаша болған
едім. Ал бүгін менің алдымда не оқи, не жаза білмейтін
ақындар бұлбұлдай сайрап отыр. Жаратқан иесі мұндай
өнер берген халық мәдениет әлеміне өгей болуға
тиіс емес...»**

(А. Янушкевич)


**Шешендік өнердің
даму тарихын атап,
сипатта.**



Шешендік өнердің даму тарихы



XII-XIII ғ.
Майқы би




XIV-XV ғ.
Жиренше
шешен
Асан қайғы



XV-XVIII ғ.
Бұқар жырау
Дулат
Төле би
Қазыбек би
Әйтеке т.б.

Шешендік өнердің ерекшеліктері



Шешендік өнердің ерекшеліктері

Ауызда,
халық
жадында
сақталған

Авторы -
халық.





Мән-
мағынасы
терең

Түсінік
сөзден
басталады

Нақтылы,
дәлелді

Тақырыбы
кең

Шешендік сөздер түрлері



Шешендік сөздер түрлері

Шешендік арнау

–

өмірде сан алуан оқиғаларға, белгілі бір адамдарға арналып айтылған

Шешендік

толғау – айтушының табиғат құбылыстары мен әлеуметтік өзгерістерге өзіндік көзқа-

Шешендік дау –

жер дауы, жесір дауы, құн дауы, ар-намысқа байланысты тапқыр сөздер

Кімнің сөздері?

Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің баласы бол.
Бір елдің атасы болма,
Бар елдің данасы бол.

Өзіңе-өзің әміл болма,
Халқыңа әділ бол.
Жауыңа қатал болма,
Досыңа адал бол.

I топ

Алтын ұяң - әйелің қымбат,
Құт-береке – атаң қымбат.
Аймалайтын – анаң қымбат,
Мейірімді – апаң қымбат.

II топ

Арадан шыққан жау қиын,
Таусылмайтын дау қиын.
Шанышқыласа сөз қиын,
Жазылмаса дерт қиын,
Іске аспаса серт қиын.

III топ

Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің баласы бол.
Бір елдің атасы болма,
Бар елдің данасы бол.

Өзіңе-өзің әміл болма,
Халқыңа әділ бол.
Жауыңа қатал болма,
Досыңа адал бол.

(Төле би)

Алтын ұяң - әйелің қымбат,
Құт-береке – атаң қымбат.
Аймалайтын – анаң қымбат,
Мейірімді – апаң қымбат.

(Қазыбек би)

Арадан шыққан жау қиын,
Таусылмайтын дау қиын.
Шанышқыласа сөз қиын,
Жазылмаса дерт қиын,
Іске аспаса серт қиын.

(Әйтеке би)



I топ



II топ



III топ

**Қай жүздің билері?
Би туралы толық мәлімет бер.**



**Ұлы жүздің биі
Төле би**

1663 – 1756



**Орта жүздің биі
Қазыбек би**

1667 – 1764



**Кіші жүздің биі
Әйтеке би**

1644 - 1700

**Үш бидің
ортақ
қасиеттері**

Атақты
шешендер

«Жеті жарғы»
әдет-ғұрып заң
жинағын
шығаруға үлес
қосқан билер

Мемлекет
және қоғам
қайраткерлері

**Үш бидің
ортақ
қасиеттері**

Тәуке ханның
кеңесшілері

Ұлт тәуелсіздігі,
бостандығын,
татулық, бірлігін
насихаттаушылар

Берілген тұрақты тіркестердің баламасын табындар

I топ	II топ	III топ
Жұлдызы қарсы болу Көсегесі көгеру Місе тұтпау От ауызды, орақ тілді	Жұмыртқадан жүн қырқу Қаймағы бұзылмау Қара аспанды төндіру Балапан басына, тұрымтай тұсына	Тауы шағылу Шөптің басын сындырмау Тақиясына тар келмеу Тонның ішкі бауындай

Топтық жұмыс

I топ.

- Мәтіннен шешен адамдарға тән қасиеттерін теріп жазындар.



II топ.

. Суретте өнердің қай түрі берілген?
Шешендік өнерге қатысы бар ма? Дәлелде.

III топ.

- Бөлтірік шешеннің сөзі бойынша өз пікірінді білдір.
- «Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе жоқ.»

Қорытындылау. Рефлексия

Не үйрендім, не білдім?
Осы сабақтан
«Жүрегіме не түйдім?»

5 жолды өлең жаз.





«Шынайы шешен - жарқын тұлға демекші, билеріміздің қазақ елі төріндегі жарық жұлдыздардың бірегейлері екендігін таныдық деп ойлаймын. Жиренше шешен айтқан «жақсылар» біздің рухы күшті шешендеріміз екені даусыз. Ұрпағы - сендер ұмытпай, ұлағатты сөздерін жаттап, айтып жүрсеңдер, олардың аттарының көкейімізде мәңгі шырқап тұрғаны емес пе? Мына өздеріңе жақсы таныс ескерткіш - мүсіндегі қияға көз тіккен бабалардың отырысы ел іргесінің мығым екенін аңғартатындай. Осындай төл тілімізде сөз кестесін төгілтіп, әділдікке жүгінген азаматтар арман еткен Тәуелсіздігіміз баянды болғай.

Үй тапсырмасы: Ой толғау

I топ. “Ей, перзентім, білгенің жөн адам үш түрлі болады.

Адамның бірінші түрі - біледі және білген сайын білгісі келеді, бұлар ғалымдар тобына жатады. Бұлардың айтқанына риза болу керек.” **Неге?**

II топ. “Екінші түрі – біледі, біле тұра “білмеймін” дейді. Бұлар ұйқыдағы зұлымдар, олардан сақ болған жөн.” **Неге?**

III топ. “Үшіншісі – білмейді және білгеннің тілін алмайды. Олар ессіз надандар. Бұлар аулақ жүру керек.” **Неге?**

(Қайқауыс)